ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жыл 11 желтоқсан № 1112-23-00-2/3245 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Адият» жеке кәсіпкер басшысы Аруанбекова Азиза Кайратовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Адият» жеке кәсіпкер, басшысы Аруанбекова Азиза Кайратовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы– қанағаттандырылсын.

«Адият» жеке кәсіпкер, басшысы Аруанбекова Азиза Кайратовна, сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Адият» жеке кәсіпкерінен, басшысы Аруанбекова Азиза Кайратовна мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Документ подписан: Исенова К. Е., 11.12.2023

Дата вступления в законную силу: 19.01.2024, судья Исенова К. Е., 01.02.2024

1112-23-3-1/3742